COLLEGE OF CRIMINOLOGY AND CRIMINAL JUSTICE

Research Brought to Life.

REVIEW

OF THE FOREIGN SCIENTIFIC CONSULTANT

on the dissertation "Prevention of Crime Among Persons Sentenced to Imprisonment and Its Criminological Characteristics"

by A.B. Bazilova, submitted for the degree of Doctor of Philosophy (PhD)

in the specialty "8D04201 – Jurisprudence"

The doctoral dissertation submitted by Aigul Bazilova represents a serious, well-developed, and intellectually mature contribution to contemporary criminological and penitentiary scholarship. The study addresses one of the most complex and insufficiently explored areas of criminal justice policy – the prevention of criminality among convicted persons within the penitentiary and post-penitentiary environment.

The relevance of the dissertation is beyond doubt. In modern criminal justice systems, the effectiveness of punishment is increasingly evaluated not merely by its punitive function, but by its capacity to prevent recidivism, ensure rehabilitation, and facilitate social reintegration. In this regard, the author correctly situates penitentiary criminality within a broader criminological framework, emphasizing its multidimensional and systemic character. The dissertation demonstrates a sophisticated understanding of the interrelationship between institutional correctional practices, probation mechanisms, social adaptation processes, and repeated criminal behavior.

Having carefully examined the dissertation, I would particularly emphasize the author's strong analytical approach and ability to combine theoretical criminological reasoning with practical legislative and institutional recommendations. The research is not limited to abstract doctrinal analysis; rather, it reflects a deep engagement with the realities of correctional administration and the functioning of the criminal enforcement system in the Republic of Kazakhstan.

One of the most valuable aspects of the dissertation is the comprehensive analysis of criminogenic determinants operating within places of deprivation of liberty. The author convincingly demonstrates that penitentiary criminality cannot be explained by a single factor, but instead emerges from the interaction of institutional, organizational, psychological, and social conditions. The dissertation identifies a number of critically important determinants, including insufficient administrative supervision, infrastructural deterioration, overcrowding, illegal circulation of prohibited items, ineffective conflict regulation, gambling practices, and deficiencies in rehabilitative and educational work. The analysis of these factors is systematic, logically structured, and supported by persuasive criminological argumentation.

The dissertation also deserves high praise for its examination of the probation system and the prevention of repeat offending. The author correctly identifies probation as one of the key mechanisms for reducing recidivism and ensuring continuity between institutional correction and social reintegration. Of particular scientific and practical interest are the author's conclusions regarding the current shortcomings of probation services, including personnel shortages, insufficient material and technical resources, and limited implementation of electronic monitoring technologies.

Importantly, the author advances innovative and forward-looking proposals aimed at improving probation effectiveness through the integration of modern technologies, including the auxiliary use of artificial intelligence systems in supervision and risk assessment. Such proposals demonstrate the author's awareness of contemporary international trends in criminal justice modernization and evidence-based correctional policy.

From a methodological perspective, the dissertation satisfies the requirements expected of doctoral-level research. The work is characterized by conceptual consistency, methodological rigor, logical coherence, and clarity of scientific argumentation. The conclusions are sufficiently substantiated and directly derive from the conducted research. The dissertation reflects the author's independent scientific thinking, professional competence, and ability to formulate original scientific conclusions and practically significant recommendations.

Overall, the dissertation by Aigul Bazilova constitutes a meaningful and substantial contribution to the development of criminology, penitentiary studies, and criminal enforcement policy. The study possesses significant theoretical and practical value and may serve as an important scholarly and applied resource for legislators, correctional administrators, probation services, researchers, and practitioners in the field of criminal justice.

In my professional opinion, the dissertation entitled "Prevention of Crime Among Persons Sentenced to Imprisonment and Its Criminological Characteristics" fully meets the requirements established for doctoral dissertations and deserves a highly positive evaluation. Aigul Bazilova unquestionably merits the award of the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in Law.

Kevin M. Beaver, PhD
Judith Rich Harris Professor of Criminology
College of Criminology and CJ
Florida State University
Tallahassee, FL 32309

КРИМИНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ТӨРЕЛІГІ ФАКУЛЬТЕТІ
Тәжірибеде қолданылатын зерттеулер

«8D04201 — Юриспруденция» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған А.Б. Базилованың «Бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғалар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу және оның криминологиялық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Айгуль Базилова ұсынған докторлық диссертация қазіргі заманғы криминология мен пенитенциарлық ғылымға қосылған маңызды, терең пысықталған әрі интеллектуалды тұрғыдан кемелденген үлес болып табылады. Зерттеу қылмыстық сот төрелігі саласындағы саясаттың аса күрделі және жеткілікті зерттелмеген бағыттарының бірі — пенитенциарлық және постпенитенциарлық ортадағы сотталғандар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу мәселесіне арналған.

Диссертацияның өзектілігі ешқандай күмән тудырмайды. Қазіргі заманғы қылмыстық сот төрелігі жүйелерінде жазаның тиімділігі тек оның жазалау функциясы тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар рецидивтің алдын алу, реабилитацияны қамтамасыз ету және әлеуметтік реинтеграцияға ықпал ету қабілеті тұрғысынан да жиі бағалануда. Осыған байланысты, автор пенитенциарлық жүйедегі қылмыстылықты оның көпқырлы және жүйелі сипатын айқындай отырып, кеңірек криминологиялық контексте орынды қарастырады. Диссертацияда түзеу жүйесінің институционалдық практикасы, пробация механизмдері, әлеуметтік бейімделу процестері және қайталама қылмыстық мінез-құлық арасындағы өзара байланысты терең түсінушілік айқын көрсетілген.

Диссертацияны мұқият зерделей келе, автордың мықты аналитикалық тәсілін және теориялық криминологиялық пайымдауларды заңнамалық әрі институционалдық сипаттағы практикалық ұсынымдармен ұштастыра білу қабілетін ерекше атап өткім келеді. Зерттеу абстрактілі доктриналық талдаумен ғана шектелмейді: керісінше, ол түзеу әкімшілігінің шынайы болмысы мен Қазақстан Республикасындағы қылмыстық жазаларды атқару жүйесінің жұмыс істеу тетіктерін терең түсінуін айғақтайды.

Диссертацияның ең құнды тұстарының бірі — бас бостандығынан айыру орындарындағы криминогендік факторларға жасалған жан-жақты талдау. Автор пенитенциарлық мекемелердегі қылмыстылықты қандай да бір дара фактормен ғана түсіндіруге болмайтынын, оның институционалдық, ұйымдастырушылық, психологиялық және әлеуметтік жағдайлардың өзара ықпалдасуы нәтижесінде туындайтынын дәлелді түрде көрсетеді. Диссертацияда әкімшілік қадағалаудың жеткіліксіздігі, инфрақұрылымның тозуы, мекемелердің шамадан тыс толығуы, тыйым салынған заттардың заңсыз айналымы, жанжалдарды реттеудің тиімсіздігі, құмар ойындар, сондай-ақ оңалту және тәрбие жұмысындағы олқылықтарды қоса алғанда, бірқатар аса маңызды детерминанттар айқындалған. Бұл факторларды талдау жүйелі сипатқа ие, логикалық тұрғыдан құрылымдалған және дәлелді криминологиялық уәждермен негізделген.

Диссертация сонымен қатар пробация жүйесін және қайталама құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын талдағаны үшін де жоғары бағаға лайық. Автор пробацияның рецидивті азайтудың және мекемелердегі түзеу шаралары мен әлеуметтік реинтеграция арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің бірі болып табылатынын орынды атап өтеді. Автордың пробация қызметтерінің қазіргі олқылықтарына, соның ішінде кадр тапшылығына, материалдық-техникалық ресурстардың жеткіліксіздігіне және электрондық мониторинг технологияларының

шектеулі деңгейде енгізілуіне қатысты тұжырымдары ерекше ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады.

Автордың қадағалау және тәуекелдерді бағалау процесінде жасанды интеллект жүйелерін қосымша (көмекші құрал ретінде) пайдалануды қоса алғанда, заманауи технологияларды енгізу есебінен пробацияның тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық әрі келешегі зор ұсыныстарды алға тартатынын атап өту маңызды. Мұндай ұсыныстар автордың қылмыстық сот төрелігі жүйесін модернизациялау және дәлелді пенитенциарлық саясат саласындағы қазіргі заманғы халықаралық үрдістерден терең хабардар екенін айғақтайды.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, диссертация докторлық деңгейдегі ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға толық жауап береді. Жұмыс тұжырымдамалық тұтастығымен, әдістемелік қатаңдығымен, логикалық қисындылығымен және ғылыми уәжділігінің айқындығымен ерекшелінеді. Тұжырымдар жеткілікті дәрежеде негізделген және жүргізілген зерттеуден тікелей туындайды. Диссертация автордың дербес ғылыми ойлау қабілетін, кәсіби құзыреттілігін, сондай-ақ бірегей ғылыми тұжырымдар мен практикалық маңызы бар ұсынымдарды қалыптастыру шеберлігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, Айгуль Базилованың диссертациясы криминологияны, пенитенциарлық зерттеулерді және қылмыстық құқық қолдану саласындағы саясатты дамытуға қосылған елеулі әрі салмақты үлес болып табылады. Зерттеу аукымды теориялық және практикалық құндылыққа ие, сондай-ақ заң шығарушы билік субъектілері, пенитенциарлық мекемелер мен пробация қызметтерінің басшылары, зерттеушілер және қылмыстық сот төрелігі саласындағы практик-мамандар үшін маңызды ғылыми әрі қолданбалы ақпараттық ресурс ретінде қызмет ете алады.

Менің кәсіби пікірімше, «Бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғалар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу және оның криминологиялық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толықтай жауап береді және өте жоғары бағаға лайық. Айгуль Базилова құқық саласы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толықтай лайықты.

/Қолы қойылған/
Кевин М. Бивер, философия докторы
Флорида штатының университеті
Криминология және қылмыстық сот төрелігі факультетінің
Джудит Рич Харрис атындағы криминология профессоры
Таллахасси, Флорида 32309